

ӘОЖ 911.3:33

А.С. Махашева

Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

**Траншекаралық Сырдария өзені су ресурстарын қорғау мен (қолданудың) пайдаланудың мемлекетаралық байланыс механизмін қалыптастыру мәселесі**

**Аңдатпа.** Мақалада еліміздегі трансшекаралық Сырдария өзенінің су ресурстарын қорғау мен пайдаланудың мемлекетаралық байланыс механизмін қалыптастыруды шешу мәселесі қаралған.

**Түйін сөздер:** игерушілік, сулы қамбалар, қорғау.

Сырдария өзені су ресурстарын тиімді пайдалану мен қорғаудың алғышарты болып табылады, сондай-ақ бұл мәселе бойынша аймақтағы мемлекеттер үшін бірегей әртүрлі нұсқаларды қарастыра отырып ортақ шешімін табу күрделі мәселе болып тұр. Бұл мәселе экономикалық әлеуеті әртүрлі мемлекеттердің, Орталық Азияның (елдеріне ортақ) проблемасы ретінде қарастырған кезде ғана шешімін табады. Ал бірегей шешім табу үшін су ресурстарын объективті бағалау қажет әрі көптеген мамандардың пікірі бойынша, Сырдария өзені бассейні маңызды факторларына: электр энергетикасы, ауылшаруашылығы, кәсіпорындары және Арал теңізі проблемасы кіреді.

Сырдария өзені бассейнін тиімді пайдалану мәселесінің экономикалық мәселесі барлық мемлекеттер үшін ортақ. Сондықтан мемлекетаралық механизмнің негізгі принциптеріне бағынып, бұрынғы Кеңес Одағы кезіндегі сияқты шектеулермен қарастырылуы тиіс. Әрине, Кеңес үкіметі құлағаннан кейін бұл принцип мемлекетаралық экономикалық байланыс механизмінде (кездейсоқ жағдайлармен) қақтығыстар туғызуы мүмкін. Әрі осындай принципті ұстанудың соңы Арал мәселесінің туындауына әкелген.

Сондықтан қазіргі уақытта мемлекетаралық экономикалық байланыс механизмін құру (МЭБМ) су ресурстарын қорғау мен тиімді пайдаланудың басты элементі Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан және Қазақстан террито-

риясында шаруашылықпен, Сырдария өзенінің су ресурстарының күрделі энергетикалық, гидротехникалық жүйесін экономикалық әрі нарықтық жағдайда қалпына келтірудің негізі болады.

Ал Орталық Азия Республикалары (ОАР) үшін ұйымдастыру мен құқықтық формалар ортақ болуы тиіс. Су ресурстарын пайдаланудың төлемдері мен лимиттері белгіленеді. Бұл төлем механизмдері төмендегі принциптерге негізделуі тиіс: су объектілеріне төлемді нұқсан келтіруші есебінен төленуі тиіс әрі су ресурсын түрлі мақсатта пайдалануы мүмкін (шаруашылық, транспорттық, энергетикалық немесе пайдалы қазбаларды өндіру, т.б.). Төлем арнайы банктерге аударылып, сол қаражат арқылы суқоймаларды қалпына келтіру, қорғау шаралары ұйымдастырылуы керек. Мысалы, Қазақстан Республикасының су ресурстар жүйесі бойынша бір жыл мерзім ішінде тигізетін экономикалық, экологиялық зардабы 43 млн АҚШ долларын құрайды. Бұл функциялардың қызметін Мемлекетаралық Кеңес пен жекелеген мемлекет қамтамасыз етуі тиіс. Соңғы келісім мен қауымдастықтың негізінде саяси мәселелер нақты экономикалық тұрғыда шешімін тауып, қаржыландыру мәселесі жолға қойылуы керек, сонымен қатар Орталық Азия аймағында су-энергетикалық ресурстарды тиімді пайдалану мақсатында мемлекетаралық Банк құру қажет деп ойлаймыз.


Жоғарыда көрсетілген экономикалық принциптер жүзеге асуы үшін Халықаралық су-

энергетикалық консорциумы құрған құқықтық нормалар сақталуы тиіс әрі мониторинг пен рационалды бақылау жүргізіліп отыруы керек. Мәселен, Банкті Орталық Азия аймағындағы мемлекеттер мен халықаралық ұйымдар арқылы құрған жағдайда оның қызметі Орталық Азияда гидротехникалық жабдықтарды кешенді реконструкциялау жобаларын іске асыру, агроөнеркәсіптік кешендерді әрі қатысты жобаларды несиелеу жұмыстарын іске асыратын еді. Траншекаралық өзен-су ресурстарын тиімді пайдалану мәселесін шешу мемлекетаралық байланыстың экономикалық аспектілерімен қатар, Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан Республикаларының мемлекетаралық қатынастарды құру мен дамыту мәселесінің бір бөлшегі болып отыр. Бірақ компенсациялық шығындарды мемлекетаралық және шаруашылықаралық қатынастармен байланыстыруға болмайды. Бірінші жағдайда, шаруашылықаралық байланыстарды қарастыратын мемлекетаралық, үкіметаралық келісім-шарттар, т.б. болады. Екіншіден, шаруашылық субъектілерінің компенсациялық шығындарын

шаруашылықаралық келісім мен шарттарға сәйкес мемлекет бюджетінен төлеу көзделмеген. Сондықтан экономикалық байланыстың механизмін құруда кез келген мемлекеттегі ішкі заңдарды қарастыру негізгі принцип болып табылады [1].

Қазақстан Республикасында нарықтық экономикалық байланыстардың дамуы, жаңа реформалардың жүзеге асуы өндірістің өндіру сферасын жаңа жолға қойды. Кеңес Үкіметі тұсында ресурстар мен өнім алмасу механизмі түбегейлі жабылды.

1-суреттегі КСРО ресурстық алмасу схемасын қарастырайық [2]. Мұнда екі республикада орталыққа бағынған Тауар алмасу мен қызмет көрсету сферасы да орталықтың бекіткен заң нормаларына сәйкес жүзеге асқан. Қырғызстан Республикасына гидротехникалық құрылғыларды дамыту және функциялау жұмыстары үшін ақша ағымдары анықталып отырды. Су пайдаланушылардың қаражаты да Орталық банкте жүзеге асты [3]. Бұл жүйенің жетістігі мемлекетаралық шиеленісті тудырмады, бірақ әкімшілік басқарудың тиімсіздігі Арал мәселесінің туындауына әкелді.



1-сурет – КСРО ресурс алмасу схемасы (Г.Е. Бердыгулова құрастырған)

Енді КСРО құлағаннан кейінгі сақталған элементтерді қарастырайық. Бұл мемлекет тауар ағымы мен қызмет түрлерін қажет етеді. Әрі республиканың даму деңгейі де әртүрлі. Қырғызстан Республикасында негізгі тұтынушы мен тауар тасымалдау қызметі мемлекеттік бұрынғы жүйені сақтаса, Қазақстандағы жағдай, керісінше жеке меншік пен жартылай жеке меншік түрінде сақталды.

Ресурс алмасудың жаңа схемасын құрудың функциялары:

1. Мемлекетаралық келісімдерді үкіметтің директивті қатысуынсыз шешу мүмкіндігі.

2. ХСЭЖ (халықаралық су-энергетикалық консорциум) стратегиясына сәйкес жалпы бағыттағы өнім алмасуды жүзеге асыру.

3. Үлкен жобалар үшін қосымша қаржыландыру мәселесін шешу (Сырдария өзені).

4. Сырдария өзені бассейнінің суын пайдаланушылар үшін төлем және оны мақсатты жүзеге асыру.

5. Мемлекетаралық шығындардың тиімділігі.

6. Түрлі тауар алмасу және қызмет көрсету мүмкіндігі.

7. Мемлекетаралық ақша ағымын минимизациялау.

8. Қазақстан Республикасының ішкі нарығында ресурстық алмасу.

Мемлекетаралық байланыстардың негізгі құрылымына ХСЭК жауапты. Оның атқаратын негізгі екі функциясы бар: ХСЭК капиталдары аясында техникалық функцияларды МТӨБ (мемлекетаралық трансшекаралық өзен банкі) іске асырады [2].

Сондықтан құрылымға сәйкес төрт соңғы функция қалады, ал олар мемлекетаралық клиринг арқылы шешімін табады.

Клиринг – бұл тауар алмасудың теңдігі әрі екі ел арасындағы жылдық төлемдер.

Ал Қазақстан Республикасын Клиринг орталығына айналдыру Сырдария өзені бассейнінің мәселесін шешудің тиімді жолы болып табылады.

1-суретте көрсетілгендей, Клирингтік орталыққа Қазақстан Республикасының ХСЭК төлемдері өндіріс саласы да бағынышты. Ал суды тұтынушылардың қаражаты (Сырдария өзені бассейнінің) мемлекеттік бюджетке түседі (Бұл жағдайда Қазақстан тек соңғы қаражатты ғана Қырғызстанға гидротехникалық жабдықтар үшін компенсация төлеген). ХСЭК талаптарына сәйкес клирингтік орталықтың қаражаты көмір алуға, компенсациялық төлемдерді толтыруға, Нарым – Сырдария кешенінен гидротехникалық жабдықтарын қаржыландыруға жұмсалады. Сонымен қатар шаруашылық субъектілері де ХСЭК және МТӨБ арқылы жұмыс істейді. Әрі көрсетілген сурет әмбебапты болып табылады. Ол төмендегі суреттің толықтырылған вариантында көрсетілген.

Сырдария өзені су ресурстарын қорғау мен тиімді пайдалану Орталық Азия мемлекеттері үшін ортақ мәселе болуы тиіс.

Бұл аймақтағы мемлекеттерді негізгі байланыстырушы факторлар: электрэнергетикасы, ауылшаруашылығы, өндіріс және Арал теңізі мәселесі.

Сондықтан Халықаралық су энергетикалық консорциумды құру аймақтың су энергетикалық мәселесін рационалды шешудің жолы болмақ.

Экономикалық байланыс механизмін қалыптастыру принциптері:

– аймақтағы кез келген мемлекеттің ішкі заңдарына қайшы келмеуі керек;

– кез келген елдегі шаруашылық субъектілері үшін экономикалық тұрғыда тиімді болуы тиіс.

Облысты нәрлендіретін өзендер негізінен елден тыс жерден бастау алады. Соның ішінде Сырдария тәрізді ірі өзендер екі немесе бірнеше мемлекеттердің аумағы арқылы өтеді және олар үшін өмірлік маңызы бар экономикалық күретамыр болып табылады.

Ал қазіргі таңда күрделі мәселелердің бірі – қоршаған табиғи ортаны қорғау және оның қорларын тиімді пайдалану. Қазақстан Республикасының Ата Заңының 29-31-баптарында еліміздің азаматтарының денсаулығын сақтау құқығы барлығы және мемлекет адамның өмір сүруі мен денсаулығына қолайлы айналадағы ортаны қорғауды мақсат етіп қояды деп айқындайды.

Бүгінгі күні өнеркәсіп пен ауылшаруашылық қызметінің интенсивтілігіне байланысты су көлемі мөлшерінің қысқаруы мен трансшекаралық су ағының концентратпен ластануының көбеюі және ірі халықаралық гидротораптарды бірлесіп пайдалану, суландыру жүйелерін технологиялық жарақтандыру мәселелері өткір қойылып отыр.

Аймақтағы мемлекеттер арасындағы су ресурстарын тиімді бөлісу мәселесі бірегей экономикалық талап пен экологиялық стандарт қойылған жағдайда іске асады.

Республиканың өзіндік жер беті ресурсы көрші елдерінен келетіндіктен барлық елдерге тән мәселелер мынадай жолдармен шешілуі керек:

– өнеркәсіптік тұрғыда: Трансшекаралық елдердегі ірі өнеркәсіп және ауылшаруашылық кәсіпорындары суды үнемді пайдаланумен қатар, қайта өңдеу технологиясы арқылы толық пайдалануы қажет;

– ауылшаруашылық тұрғыда: Әрбір ел ауылшаруашылығында суды қолдануда тамшылату әдісін толықтай енгізуді және ысырапсыз пайдалануды жүзеге асыруы шарт;

– демографиялық тұрғыда: Әрбір елді мекендегі тұрғын халықты сумен қамтамасыз ете отырып, суды үнемді пайдалану мәдениетін жүзеге асыру қажет;

– саяси тұрғыда: Трансшекаралық өзендерді пайдалануда халықаралық жүйедегі келісім-шарттарды негізге ала отырып, екі немесе көп жақты келіссөздер аясында шешілуі керек.

Отандық экономикалық географияны шетелдік ғылымдармен салыстырсақ, мұндай күрделі мәселені қарастырған Қазақстанның экономикалық географиясы туындаған аймақтық мәселені зерттеудің, сараптама жасаудың теориялық және әдістемелік құралы болып табылады.

#### Әдебиет

1 Надыров Ш.М., Смирнов С.Л. Дезинтеграция стран Центральноазиатского региона –

угроза национальной безопасности Казахстана // Казахстан-Спектр. – 1999. – № 4 (10). – С. 26-37.

2 Отчет «Проблемы регулирования, управления и охраны водных ресурсов трансграничной р. Сырдарья (к выработке позиции Республики Казахстан по проблемам рационального использования и управления водными ресурсами р. Сырдарья)». – Алматы: КИСИ при Президенте РК, 1999. – 110 с.

3 Маршак В.Д. Межрегиональные финансовые потоки // Регион: Экономика и социология. – 1998. – № 1. – С. 138-147.

**А.С. Махашева**

#### **Проблемы формирования межгосударственного механизма экономических взаимоотношений по совместному использованию и охране водных ресурсов реки Сырдарья**

В статье рассматриваются проблемы водных ресурсов трансграничных рек Сырдарья, использующихся в механизме межгосударственных связей.

**A.S. Makhasheva**

#### **Problems of formation of the interstate economical interrelations mechanism of syrdariya river s water resources combined using and saving**

The article is devoted to the formation of the use of Syrdariya river, s water resources of interstate connection mechanisms.